



БҰЙРЫҚ

22.11.2022ж.

Қарағанды қаласы

ПРИКАЗ

№ 448

город Караганда

«Хайдук-Групп» ЖШС уақытша басқарушысын тағайындау туралы

«Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 7 наурыздағы Заңының 15-бабының 1-2) тармақшасына сәйкес, «Хайдук-Групп» ЖШС банкроттық рәсімді қолдану бойынша істі қозғау туралы Қарағанды облысы Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2022 жылғы 17 қарашадағы ұйғарымы және Қарағанды қаласының Қазыбек би атындағы ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының 2022 жылғы 11 қарашадағы хаты негізінде, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Хайдук-Групп» ЖШС БСН 031040005761 уақытша басқарушысы болып Олжас Талгатович Садвокасов тағайындалсын.

2. Олжас Талгатович Садвокасовқа «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес уақытша басқарушының міндеттерін орындау жүктелсін.

3. Уақытша басқарушы Олжас Талгатович Садвокасов «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындауды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті Қарағанды облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Берешекпен жұмыс басқармасы басшысына Мадениет Мағауиевич Сатыбалдинге жүктелсін.

5. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Басшының орынбасары

К. Ахметбеков